



А. Аманжолұлы

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: aidinknb@mail.ru)*

Әскери оқу орындарындағы ұлттық құндылықтар негізінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастырудың шетелдік тәжірибесі

Мақалада шетелдік жоғарғы әскери оқу орындарында болашақ офицерлерінің тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған шараларға салыстырмалы талдау нәтижесі келтірілген. Шетелдік тәжірибені зерттеу нысаны ретінде Америка құрама шталы, Жапония және Қытай елдері таңдалды. Болашақ офицерлердің тәрбие және идеологиялық жұмыстар процесінде тарихи сананы қалыптастыру мәселесін зерттеу үшін аталған елдерді таңдау факторлары көрсетілген. Сонымен қатар зерттеу осы елдерде офицерлік кадрларды даярлау барысында тарихи сананы қалыптастыру жүйелі, бір бірімен тығыз байланысты арнайы ұйымдастырылған және мақсатты түрде екі ішкі жүйемен, яғни оқыту жүйесі және тәрбиелеу жүйесімен жүзеге асырылатынын көрсетті. Зерттеу нәтижелері тарихи сананы қалыптастырудың озық шетелдік тәжірибесін зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл Қазақстанның әскери, арнаулы оқу орындарында болашақ офицерлердің тарихи санасын қалыптастыру мақсатында тәрбие және идеологиялық жұмыс процесін жетілдіру үшін негіз бола алады. Мақала диссертациялық зерттеу және Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын зерттеу аясында дайындалды (Грант № AP196113/0222).

Кілт сөздер: шет елдер, тарихи сана, жоғарғы әскери оқу орындары, құндылық, тәрбие, білім алушы.

Kіріспе

Білім беру барлық уақытта қоғамның назарында, өйткені ол кадрларды даярлауды және білім алушылардың негізгі құзыреттерін дамытуды қамтамасыз ете отырып, елдің болашағын қалыптастырады. Түлектердің жеке және кәсіби дамуына айтарлықтай әсер ететін ең күрделі және жан-жақты рухани құбылыстардың бірі – оның тарихи санасы. Тарихи сананы қалыптастыру қазіргі әлемде құнды болып келеді және тарихи сананы қалыптастырудың негізгі жолдарының бірі – білім беру жүйесі.

Тарихи сананы қалыптастыру мәселесін егжей-тегжейлі зерттеу шет елдердің білім беру жүйесіне жүгінуді қажет етеді. Шет елдердің білім беру саясатын білудің негізгі әдістерінің бірі – салыстыру. Салыстыру негізі өте қарапайым: ерекше ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау мақсатында шет елдердің білім беру саясатын дамытудың әлеуметтік, экономикалық, саяси сипатындағы жекелеген құбылыстарды анықтау және салыстыру.

Салыстыру негізінде құбылыстардың біртектілігі, олардың мазмұнының ұқсастығы, жалпы бағыты және т.б. туралы негізделген немесе болжамды сипаттағы тұжырымдар жасалады [1].

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында шет елдердегі офицерлерді даярлау жүйесі саласындағы ашық көздердің материалдары, ғылыми және арнайы әдебиеттер пайдаланылды. Осы мақаланы әзірлеу кезінде талдау, салыстыру және жалпылау сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Негізгі бөлім

Зерттеу нысанға сәйкес, әскери оқу орындарындағы тарихи сананы қалыптастырудың шетелдік тәжірибесін талдау сыни пайымдауды талап етеді.

Осы жағдайда, ғылыми зерттеулердегі дамыған шетелдердің Қарулы Күштерінде (бұдан әрі – ҚК) офицерлік кадрларды даярлауда әр елдің өзіне тән тарихы, өзіндік шығу тегі мен дәстүрлері бар екендігін көрсетеді. Шетелдік тәжірибені зерттеу нысаны ретінде АҚШ, Жапония және Қытай таңдалды. Таңдау бұл елдерді тарихи сананы қалыптастыру контекстінде зерттеу үшін ерекше қызықты ететін бірнеше факторларға байланысты, олар:

АҚШ: мәдени және этникалық топтардың әртүрлілігі, ұлттың қалыптасуындағы тарихи жадтың рөлі. Заманауи қақтығыстарға дейінгі кең және алуан түрлі әскери тарихы бар. Американдық білім демократия, адам құқықтары мен азаматтық бостандықтарды қорғау құндылықтарына негізделген патриоттық сананы қалыптастыруға көп көңіл бөледі. Бұл әскери оқу орындарында маңызды рөл атқарады, онда курсанттар ұлттық мүдделерді қорғаушы ретіндегі рөлдеріне баса назар аударады.

Жапония маңызды әскери-саяси қайта құрулардан өтті, соның ішінде Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысу және одан кейінгі оккупация. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапония өзінің әскери әрекеттерін шектейтін және бейбіт өмір сүру принципін баса көрсететін Конституция қабылдады. Бұл елдің тарихи мұраларын қалай қайта қарастыратынын зерттеуге мүмкіндік беретін білім мен дайындықты өзгертті. Жапондық білім беру жүйесі дәстүрлі самурай Кодексі мен ар-намыс қағидаттарын зерттеуді қамтиды, бұл әскери оқыту сипатына және курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруға әсер етеді.

Қытай – соғыстардың, империялардың және конфуцийшілдік пен даосизм сияқты философиялық ілімдердің бай тарихы бар ежелгі өркениеттердің бірі, Коммунистік партияның жетекші рөліне негізделген Қытайдың саяси құрылымы курсанттардың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.



Зерттеу жұмыстың шеңберінде, шет елдерінің ЖӘОО-дағы ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру бағытын ашып көрсетуді негізге алдық.

АҚШ ЖӘОО-дағы тәрбиелеу жұмысына толығырақ тоқталатын болсақ, олар жас американдықтардың әскери-патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беріледі. Тәрбиенің басты мақсаты – азамат АҚШ патриоты ретінде және өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын кәсіпқой ретінде тұлғаны қалыптастыру және дамыту [2].

АҚШ ЖӘОО-дағы тәрбие субъектілеріне келетін болсақ, оларға АҚШ-тың мемлекеттік және қоғамдық құрылымдары жатады:

- елдің заң шығарушы және атқарушы органдары; ғылыми-зерттеу және әскери-зерттеу орталықтары: университеттер мен колледждер;
- радио және телевизиялық компаниялардың кең желісі; газеттер мен журналдардың редакциялары; ақпараттық агенттіктер; кино өнері және демалыс орталықтары және т.б.

Алайда әскери қызметшілерді тәрбиелеудің тікелей субъектісі командир болып табылады. Қазақстандық армиядан айырмашылығы, американдық ҚК-де командирлердің жеке құраммен жұмыс жөніндегі орынбасары болмайды. Сонымен қатар, олардың құрылымында дәстүрлі түрде әскери қызметшілерді тәрбиелеуге жауапты бірыңғай орган жоқ. Бұл құзырет толығымен командирге тиесілі, ол өзінің жеке құраммен жұмысында үш негізгі қызметтен тұратын арнайы аппаратқа сүйенеді: қоғаммен байланыс, жеке құрам және тыл, әскери діни қызметкерлер.

Білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыру әскери-патриоттық тәрбиелеу процесі арқылы жүзеге асырылып, мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- әрбір американдықты АҚШ азаматы ретінде жауапкершілікке тәрбиелеу;
- Мемлекеттік Туға, президентке және елге жеке адалдығын қалыптастыру;
- АҚШ-тың тарихи мұрасын сақтауға дайын болу;
- американдық демократия мен бостандықтың көзқарастары мен ұстанымдарын сөзсіз қорғауға бел буады.

Білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие берудің негізгі жолдары:

1. Қарулы Күштерге, әскери қызметшілерге, әскери еңбекке терең құрметпен қарауды қалыптастыру. Бұл жолдың тән элементтері:

- әр саясаткердің күш құрылымдары мен формадағы адамға дұрыс және сыпайы қатынасы;
- саясаткерлер мен Президенттің шешімдерін орындағаны үшін армия мен флотты сынға алудың теріс тәжірибесінің болмауы;

- бұрынғы әскери қызметшілердің әскери еңбегі мен қызмет еңбегін лайықты бағалау [3].

2. Әскери қызметшілердің әскери іс-қимылдардағы ерліктерін дәріптеу.

Батырлар мен ерліктерді насихаттау патриотизмді тәрбиелеудің маңызды бөлігі болып табылады. АҚШ тарихының оқулықтары американдықтардың қаһармандық әрекеттері туралы мысалдарға толы, бұл әрбір білім алушының ой-өрісін қалыптастырады, олар сияқты әрекет етуге, АҚШ атынан батыр сияқты әрекет етуге тәрбиелейді. Осыған байланысты Голливуд, бұқаралық ақпараттық құралдар (бұдан әрі – БАҚ) және Пентагон арасындағы тығыз ынтымақтастық ұзақ уақыт бойы қолдау тапты. Алайда, киноиндустрия мен БАҚ өкілдерінің бірде-бір қадамы Пентагон мен мемлекеттің тиісті құрылымдарының бақылауынсыз өтпейді [4].

3. Дәстүрлі діни конфессиялардың американдықтардың патриоттық рухын нығайтуға қатысуы. Рональд Рейган Президенттік уақытында студенттерге Америкаға деген сенімнен шабыттанған патриоттар өз өмірлері мен бақыттарын құрбан етуді, олардың міндеті елді сүю, оның Конституциясын сақтау, оның заңдарына бағыну, оның туын құрметтеу және оны барлық жаулардан қорғау екенін еске салуға шақырды [5].

4. Жастарды түрлі әскери-патриоттық қозғалыстар мен клубтарға тарту.

5. Компьютерлік және бейне ойын индустриясын пайдалану. Пентагонда 1970 жылы американдық нарықта НАТО мен Варшава келісімі елдері арасындағы қақтығыс сценарийі ойналған «firelight» ойыны пайда болды. Бұл ойынды қолдану тәжірибесі оның негізгі артықшылықтары туралы айтуға мүмкіндік берді, олар:

- жоғары сенімділік дәрежесімен жауынгерлік іс-қимылдарды модельдеу;
- американдықтардың өздері мен басқа елдердің азаматтары арасында АҚШ әскери қызметшілерінің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етті.

6. Патриоттарды тәрбиелеуде ардагер ұйымдардың мүмкіндіктерін пайдалану. АҚШ-та көптеген ардагерлер ұйымдары бар, олардың арасында екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері, Қарулы Күштер ардагерлері, әртүрлі соғыстар мен әскери қақтығыстардың ардагерлері бар. Олардың барлығы қоғамдық негізде әрекет етеді, бірақ мемлекет оларды белсенді түрде қолдап, қаржылық және материалдық көмек көрсетуде. Өйткені ол осы ұйымдардың қызметінде халықты, әсіресе жастарды, азаматтық және патриоттық сезімдерді тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде қарастырады.

Ардагерлер ұйымдарының тәрбие қызметі:

- жастарда патриотизмді қалыптастыру;
- жастардың әскери-кәсіби бағдары;
- әскери салада кәсіби маңызы бар жастардың бойында кейбір дағдыларды, сондай-ақ әскери қызметке деген қызығушылықты, ықылас пен қажеттілікті қалыптастыру [4, Б. 4.].



Сонымен қатар тарихи сананы қалыптастыру процесі тәрбие жұмытарымен бірге оқыту процесінде жүйелі түрде жүргізіледі (1-кесте).

1-кесте – Тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған академиялық (жалпы білім беретін) бағдарламаның оқу курстары

1-оқу жылы		2-оқу жылы	3-оқу жылы	4-оқу жылы
1-семестр	2-семестр	3-семестр	5-семестр	7-семестр
Заманауи тарих	Саясаттану	Заманауи тарих	Әскери тарих	Әскери тарих
-	Философия	-	-	-

Оқыту процесінің оқу бағдарламалары американдық әскери тарихты, соғыс теориясын және стратегиялық ойлауды зерттеуді қамтиды. Әскери тарих және ұлттық мифтер оқу бағдарламалары Екінші дүниежүзілік соғыс, Вьетнам соғысы және терроризмге қарсы соғыс сияқты маңызды оқиғаларға назар аударады. Осы қақтығыстарды зерттеу арқылы білім алушылар бұл оқиғалардың американдық сәйкестікті қалай қалыптастыратынын түсінеді. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламалар білім алушыларға тарихи оқиғаларды бағалауға, әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін сыни талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, олар әртүрлі тарихи түсіндірмелерді талдауға және дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалауға үйренеді. Практикалық дайындық білім алушылар тарихи білімді іс жүзінде қолданатын модельдеу мен далалық жаттығуларды қамтиды [6].

Шет елдердің ЖӘОО-да офицерлерді тәрбиелеу жүйесін негіздеуде демократиялық құндылықтар басым, деректер көздерінде АҚШ офицерлері үшін нормативтік құндылықтардың бағыты сипатталған. АҚШ-тың ЖӘОО-да офицерлерді тәрбиелеудің мақсаты ретінде негізгі құндылықтары жеке, әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни құндылықтар болып табылады [7].

Осылайша, әскери-патриоттық тәрбие беру және оқу процесі барысында білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыру жүйелі түрде орындалады. Патриоттық тәрбие беруде ел тарихын зерттеу, армияның ерліктері мен әскери қызметтің маңыздылығына баса назар аударады. Білім алушылар ардагерлерге арналған іс-шараларға және ерлікпен қаза болғандарды еске алу күні сияқты есте қаларлық күндерге қатысады, бұл олардың патриоттық сезімін және тарихты құрметтеуді нығайтады. Сонымен қатар еске алу іс-шараларына қатысу патриоттық іс-шаралары ұлттық бірегейлік сезімін нығайтуға көмектеседі. Тәрбиелік іс-шараларға жалпы сәйкестікті қалыптастыруға ықпал ететін ту сияқты ұлттық рәміздерді қолдану кіреді.

Келесі болашақ офицерлердің тарихи санасын қалыптастыру бойынша тәрбие және идеологиялық жұмыс процесін қарастыруда Жапонияның ЖӘОО-ның офицерлерді даярлауына тоқталамыз.

Жапонияның ӘАОО-да болашақ офицерлерді даярлауда моральдық-патриоттық тәрбиелеу жұмысы аса маңызды орын алады. «Моральдық тәрбие» барысында офицерлер өз бағыныштыларын Ел ішіндегі демократиялық күштерді басуға, «ішкі агрессияны тойтаруға» дайындайды.

«Нағыз жапондық патриотизм сезімін» тәрбиелеу деген атпен императорға табынушылықты растау және онымен бірге реакциялық дәстүрлер, соғысқа дейінгі шовинистік уғар атмосферасының жандануы орын алады. Мысалы, Әскери-теңіз Күштерінің офицерлеріне арналған оқу құралында «патриотизм» дін, мемлекет, император және халықтың бірлігін қамтитын Жапонияның мемлекеттік жүйесінің принциптерін цементтейді делінген. Әскери қызметшілер «Жапонияның қаһармандық өткеніне» құрметпен, «Ұлы Жапонияның» даңқы үшін Азия халықтарын құлдыққа түсіруге тырысқан генералдарға табыну рухында тәрбиеленеді.

Жапон сарбаздарын идеологиялық өңдеу, ең алдымен оларды жапон монополиялық капиталы үшін әскери қызмет қажеттілігіне сендіруге, әскери қызметшілерді басқарушы топтардың еркіне бағындыруға, әр сарбазды басу мен қысымның әскери машинасының сенімді тісіне айналдыруға бағытталған.

Жапониядағы моральдық-адамгершілік тәрбие дәстүрі көптеген ғасырлар бойы ақсақалдарды, ұстаздарды, билікті құрметтеу қажеттілігін жариялаған Конфуций ілімімен байланысты болды. «Конфуцийшілдік өзімен бірге қоғамға мемлекет пен билікті құрметтеуді... топтық мінез құлықтың маңыздылығын әкелді» [8] Бұл моральдық тәрбие билікке қатысты дәстүрлі үлкен құрметпен тығыз байланысты екенін көрсетеді. «Жапон мәдениеті, қазіргі танноизм идеологтарының пікірінше, адамнан тыс рух ретінде түсіндіріледі, ал бұл ұлтының рухани басшысы ретінде рухтың қамқоршысы – император». Император қамқоршы деп жариялаған Жапония мәдениеті серіктестік пен қоғамдастық сезімін жандандырудың негізі болып табылады [9].

Жапонияның қазіргі заманғы мемлекеттік мифінің күрделі, «мәдени» түрін құруды көріп отыр [9, с.192]. Жапондықтардың көпшілігінде әлем туралы түсінік синтоизм мифологиясын тудырды. Оның мәні Жапония құдайлардың отаны болды, сондықтан ол басқа елдерден асып түсті. Құдайлар жапондарға бір-бірін сүюді, құрметтеуді, өзара ынтымақтастықты, шын жүректен және жанқиярлықты, император мен Отанға қызмет етуді өсиет етті. Қазіргі Жапониядағы бұқаралық сана негізінен императорлық табынушылық мифологиялық символизміне сезімтал болып қала береді. Император пассивті рухани-психологиялық символ, ұлттың моральдық және діни құндылықтарын сақтаушы қызметін атқарады. Жапонияда елдің тарихын белгілі бір императордың билік ету дәуіріне бөлу әдетке айналған [10].

«Өзін-өзі қорғау Күштерінің» офицерлік және қатардағы құрамының моральдық өңдеуі де назар аударады, оған императорлық армиядағыдай



ерекше мән беріледі. Әскерде бұл «моральдық тәрбиенің» мәні Отанға берілгендік, өзін-өзі қорғау күштеріне жататындығы үшін мақтаныш (бұл самурайлардағы буси класына жататындығы үшін мақтаныш сияқты), өзін-өзі қорғау әскерлерінің мақсатын түсіну – деп атайды. Сонымен бірге армия басшылығы сарбазды елдің тарихы мен дәстүрлері туралы ойлауға үйрету қажет деп санайды. Олар самурайдың өткенін және империялық армияның әскери жеңістерін білдіреді. «Жауынгерлер тобын құрудың салдарының бірі әскери қызметшінің – бушидоның – самурайдың феодалдық қоғамдағы жазылмаған мінез-құлық кодексінің нақты дүниетанымын ресімдеу болды, ол «шынайы», «идеалды» жауынгердің ережелері мен нормаларының жиынтығы болды». «Бушидо қабылдаған синтодан алынғандар екі ұғымға біріктірілді: патриотизм және адалдық». [11].

Жапония үкіметі соңғы жылдары өз қызметінің басты міндеттерінің бірі білім туралы жаңартылған негізгі Заңды дайындау мен қабылдауды көрді. Бұл тәрбие міндеттерінің қатарында жастар мен аға буындарда Отанға деген сүйіспеншілікті, мәдениет пен дәстүрлерді құрметтеуді, ел тарихында болып жатқан процестер мен олардың себептерін түсінуді және көрші елдерге құрметпен қарауды қалыптастыру қажеттілігін бекітті. Мұның негізі жапондықтар Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жасалған қатыгездіктер үшін әлі де ауыр кінәні сезінуі болды. Адамдарды жапон ұлтының жетістіктері туралы жаңаша ойлауға және өз ұлтына деген өкінішпен ғана емес, мақтанышпен де алға ұмтылуға мүмкіндік бермейтін сезімдерден арылту қажеттілігі үкіметті білім беру жүйесін реформалаудағы түбегейлі әрекеттерге итермелейді [12]. Осылайша, қабылданған Заң білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырудың негізіне айналды.

ЖӘОО барлық әскер түрлері үшін өзін-өзі қорғау күштерінің болашақ офицерлерінің ұстасы ретінде курсанттардың кең ой-өрісін дамытуға баса назар аударады, ақпаратты сыни тұрғыдан ойлауға және талдауға үйретеді, сондай-ақ олардағы өз елінің жауапты азаматының қасиеттерін дамытады. Жалпы және әскери пәндер жүйесі курсанттың өзін-өзі қорғау күштерінің офицері ретіндегі міндеттерін сәтті орындауы үшін қажетті қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. ЖӘОО оқытылатын пәндердің арасында гуманитарлық ғылымдарға да, дәл ғылымдарға да қатысты. Олардың барлығы елдің білім және ғылым министрлігі бекіткен жапон университеттеріне қойылатын жалпы стандарттарға қайшы келмейді.

Қорытындылай келе тәрбие беру барысында білім алушылардың тарихи санасын самурай философиясы мен этикасына байланысты дәстүрлерді зерделеу арқылы тәрбиелеу, соғыс тарихымен және оның әлемге заманауи көзқарасты қалыптастырудағы салдарымен жұмыс жасау, халықаралық тарихты және оның қазіргі дипломатия мен қауіпсіздікке әсерін зерделеу,

дәстүрлі іс-шаралар мен мерекелерге қатысу шаралары арқылы қалыптастырылады.

Келесі Қытай Халық Республикасының ЖӘОО-ның офицерлерді даярлауын қарастырамыз.

Қазіргі уақытта идеологиялық және партиялық-саяси жұмыстармен айналысатын негізгі орган – Қытай Халық-азаттық армиясының (бұдан әрі – ҚХАА) Бас саяси басқармасы (бұдан әрі – БСБ). Ол өз жұмысын Қытай Қарулы Күштерінің жеке құрамы арасында үгіт-насихат және тәрбие жұмыстарын жүргізетін дивизиялық және полк деңгейіндегі саяси бөлімдерден тұратын әскери округтердің (бұдан әрі – ӘО), провинциялық ӘО және кіші аудандардың саяси органдары арқылы жүргізеді. Әскери қызметшілердің идеологиялық жұмысы мен идеялық-саяси тәрбиесіне ротадан бастап армия деңгейіне дейінгі барлық сатылардағы командирлердің орынбасарлары лауазымдарын атқаратын саяси Комиссарлар жауапты болып табылады.

Жеке құрамның идеологиялық жұмысы мен идеялық-саяси тәрбиесін ұйымдастыру мен жүргізудің міндеттері, негізгі мазмұны, тәртібі Қытай Коммунистік партиясы (бұдан әрі – ҚКП) белгілерімен және ҚХАА БСБ басшылық құжаттары негізінде әзірленген Қытай қарулы күштері құрылысының нормативтік-құқықтық базасымен айқындалады.

Әскери қызметшілерді идеялық-саяси тәрбиелеу процесінде басты назар елдің тарихын және оның қарулы күштерін зерттеуге, Қытай ерекшелігімен социализм құрылысының негіздерін игеруге және қазіргі кезеңде армияны модернизациялауға аударылады. Әскери қызметшілерді тәрбиелеу қағидаттарын ҚКП идеологтары Фалуныгун «экстремистік сектасына» компаниясына қарсы нақты тұжырымдады, оның барысында әрбір әскери қызметші:

- саяси дұрыстығын көрсету, партия желісін және ҚКП съезін белгілеуді қатаң сақтау, директиваларды ұстану және партиялық шешімдерді қатаң орындау;

- марксистік-лениндік теорияны оқып үйрену және оны басшылыққа алу, Қытай тарихы мен рухани мұрасының теориялық негіздерін білу;

- адамгершілік және әлеуметтік нормаларды сақтау, ізгілік туралы конфуцийлік ұғымдарды ұстану, ежелгі әскери стратегтердің (Сунь-Цзы стратегиясы) еңбектерін білу;

- Отанға жанқиярлықпен қызмет ету, командирлердің бұйрықтарын орындау, халыққа көмек көрсету, армия мен халықтың бірлігін нығайту.

Сонымен қатар, Қытай қарулы күштерінің қолбасшылығы жыл сайын барлық әскери бөлімдер мен әскери оқу орындарында бейбіт тұрғындардың өмірін сақтап қалу үшін қаза тапқан қатардағы жауынгер «Лей Фэннен



үйрену» деп аталатын жанқиярлық қызметке, жанқиярлыққа және әскери борышын орындауға арналған іс-шара өткізеді.

Идеялық-саяси тәрбие өткізудің негізгі формасы – саяси сабақтар. Ағымдағы саясат мәселелерін түсіндіру әскери қызметшілерде ҚКП бағыты мен саясатының дұрыстығын, сондай-ақ әлемдегі қазіргі жағдайды түсінуді қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Осы жұмыс барысында саяси бөлімнің офицері жеке құрамды ҚКП шешімдері мен құжаттарын, ҚХР Конституциясы мен заңдарын, әскери жарғылар мен нұсқаулықтарды зерделеуге бағыттайды.

ҚХАА-да идеялық-саяси тәрбиемен қатар «адамгершілік, құқықтық және әскери тәрбиеге» маңызды орын беріледі. Оның мазмұны Қытай мемлекетінің қазіргі көшбасшыларының көзқарастарына байланысты. Әдетте, бас саяси басқарма ҚКП Орталық Комитетінің Әскери кеңесінің директивалары негізінде әскери қызметшілерді қажетті қасиеттерге тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды өткізу туралы нұсқауларды қамтитын нұсқаулар шығарады.

Әлемдік экономикалық дағдарыстан кейін ҚКП басшылығы ҚХАА-ға партиялық бақылаудың әлсіреуінен қорқып, тәрбие жұмысын жандандырғанын атап өту маңызды. ҚХР қарулы күштерінде идеологиялық жұмыстар мыналарға бағытталған:

- ҚХАА жаңғырту ісіне қызмет ету;
- Қарулы Күштер басшылығын саяси, идеялық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету;
- ҚХР ҚК-да социалистік рухани мәдениеттің құрылысы;
- Қарулы Күштердегі ішкі бірлікті, сондай-ақ армия мен халықтың, армия мен Үкіметтің бірлігін қамтамасыз ету;
- әскерлердің жауынгерлік дайындығы мен жауынгерлік қабілеттілігінің жоғары деңгейін ұстап тұру және оған қойылған міндеттерді орындау.

Қазіргі уақытта мерзімді баспа басылымдарының, сондай-ақ орталық телеарнасының жұмысы білім алушыларды тәрбиелеуде басты рөл атқарады. Бұл БАҚ-тың басты міндеті – жоғары жауынгерлік рухты сақтау және әскери қызметшілерді саяси-идеологиялық тәрбиелеу. Басылымдардың негізгі тақырыбы – әскери-патриоттық, әлеуметтік, ағартушылық және тарихи.

ҚХАА-ның әскери қызметкері болу – бұл жалпы тарих пен мәдени мұраның бір бөлігі болу және бұл жерде басты саяси басқарма жүргізетін жұмыс маңызды рөл атқарады [13].

Осылайша, ЖӘОО-да білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыру идеялық-саяси жұмысы арқылы өз еліне тиесілігі мен мақтанышын және патриотизмді қалыптастыратын адамгершілік, саяси, құқықтық және әскери тәрбиеге бағытталған (марксизм-ленинизм, Мао Цзэдун идеялары, Дэн Сяопин теориялары, Цзян Цзэминнің «үш өкілдік» тұжырымдамасы, Си Цзиньпиннің «Ұлттың ұлы жаңғыруы туралы Қытай арманы», «Жаудың ыдырауы, одақтастардың бірігуі») бағдарламалар мен идеялар; ел және оның

қарулы күштерін тарихын зерделеу (тарих сабақтары), озық әскери құралымдардың немесе әртүрлі салаларда барынша үлес қосқан не өзін көрсеткен әскери қызметшілердің (азаматтық мамандардың) бейнесі, Қызметіне шексіз берілген, жанқиярлыққа және бейбіт тұрғындардың өмірін сақтап қалу үшін қаза тапқан қатардағы жауынгер Лэй Фэн деп аталатын әскери борышын орындауға арналған іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда жүргізілген талдау шетелдік армиялардың педагогикалық материалдары мен нормативтік құжаттарына салыстырмалы талдау көрсеткендей, АҚШ, Жапония және Қытай сияқты мемлекеттерде әрқашан білім алушылардың патриоттық тәрбиесі басты назарға алынғаны байқалады.

Сонымен, жоғарыда берілген талдау нәтижелер мен деректерге сүйене отырып, шет елдердің ЖӘОО-да сипатталған офицерлерді тәрбиелеудің негізгі мақсаттары, бағдарламалары мен идеяларын кестеге түсірдік (2-кесте).

2-кесте - Шет елдердің ЖӘОО-дағы тәрбие жұмысының мазмұны

Шет ел атаулары	Әскери ЖОО-да офицерлерді тәрбиелеудің негізгі мақсаттары	Тәрбие мақсаттарын іске асырудағы негізгі идеялар, бағдарламалар
1	2	3
АҚШ	Америкалық ұлттық рухында тәрбиелеу; НАТО ҚК-нің қазіргі әлемде үстемдік етуі; АҚШ ҚК-нің мықтылығы негізде америкалық іс-қимыл имиджін қалыптастыру	Саяси білім; Моральдық рухты қалыптастыру; «Американың мүдделеріне қызмет ету» – идеясына деген мақтаныш; Полктік (корпоративтік) рух; Әскери қызметті кеңінен насихаттау.
Жапония	Император қамқоршы деп жариялаған Жапония мәдениеті серіктестік пен қоғамдастық сезімін жандандыру. Отанға берілгендік, өзін-өзі қорғау күштеріне жататындығы үшін мақтаныш (бұл самурайлардағы буси класына жататындығы үшін мақтаныш сияқты)	«Жапонияның қаһармандық өткені»; «Ұлы Жапонияның» даңқы; Конфуций ілімі; «Өзін-өзі қорғау Күштерінің» офицерлік және қатардағы құрамының моральдық өңдеуі; «Шынайы», «идеалды» жауынгердің ережелері мен нормаларының жиынтығы»
Қытай	Әскерлердің жауынгерлік дайындығының негізі ретінде жеке құрамның жоғары идеялық-саяси жағдайын сақтау.	марксизм-ленинизм, Мао Цзэдун идеялары, Дэн Сяопин теориялары, Цзян Цзэминнің «үш өкілдік» тұжырымдамасы, Си Цзиньпиннің «Ұлттың ұлы жаңғыруы туралы Қытай арманы»; «Жаудың ыдырауы, одақтастардың бірігуі»;



Кестеде көрсетілгендей, шет елдерінің ЖӘОО-ның офицерлерді даярлаудың тарихи сананы қалыптастыру бойынша мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда негізгі идеясын былайша топтастырдық:

- батырлар мен ерліктерді насихаттау арқылы патриотизмді тәрбиелеу;
- дайындықтың мақсаты - өз міндеттерін тиімді орындауға қабілетті офицерлердің жеке құндылықтарды түсінуге бағдарлау;
- офицерлерді оқу-тәрбие процесіне басты назар әлеуметтік құндылықтарды қабылдау арқылы әскери білім негізінде практикалық жауынгерлік басқару дағдыларын күшейту;
- офицерлердің бастамасы, тапқырлығы, шығармашылығы, батылдығы, сындарлы ойлауы, болашақ соғыс тенденцияларына баға беруде экономикалық құндылықтар қажеттілігін саралай білуі аса маңызды;
- офицерлерді жауынгерлік жағдайдағы міндеттерін орындауда халықаралық жағдайды, үкімет қызметін, басқару мәселелері мен коммуникативтік мәселелер шешімін іздестіруде саяси құндылықтарды игеруі тиіс.

Қорытынды

Осы елдердің барлығында әскери оқу орындарында білім алушылардың тарихи санасының қалыптасуы ұлттық құндылықтарға негізделген оқыту мен тәрбиелеудің үйлесімі арқылы жүреді. Бұл білім алушылардың өз тарихын түсінуін ғана емес, сонымен қатар әскери саладағы болашақ көшбасшылар үшін маңызды патриотизм, жауапкершілік және сыни ойлау сезімдерін дамытуға ықпал етеді. Осы зерттеу нәтижелері әскери, арнаулы оқу орындарында тәрбие және идеологиялық жұмыс процесінде Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары негізінде курсанттардың тарихи санасын қалыптастыру бағдаламасын әзірлеуге ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Таубаева Ш. Т., Мақсұтова М. А. Салыстырмалы педагогика. Оқулық. ҚР ҰҚК Шекара академиясы – Алматы: 2023. - 408 б.
2. Ленев Ю.А. Развитие воспитательной системы высших военных учебных заведений ВС РФ: дис. ... д-ра пед. наук. - М., 2010. – 639 с.
3. Уткин В. Е. Особенности воспитательной работы в ВС США, Великобритании и Франции // Зарубежное военное обозрение. 2001. – № 11. – С. 8-12.
4. Ковалевский В. Патриотизм в США принадлежит людям//Belarus Security Blog опубликовано 21 мая 2014 г. – <http://www.bsblog.info/> (қаралған күні 2024 жылғы 24 шілде).
5. Балуков Н. Н. Патриотизм по-американски / Н. Н. Балуков, Ю. А. Иваничкин// «Красная звезда» 2.8.2015. – 2 с.
6. Moynihan D. Counting our blessings. Reflections on the future of America. – Boston, 1986.
7. Система подготовки офицерского состава Сухопутных войск США – <https://pentagonus.ru/publ/9-1-0-225> (қаралған күні 2024 жылғы 23 шілде).

8. Томилина, С.Н. Военно-патриотическое воспитание учащихся вузов США / С.Н. Томилина. – Текст: непосредственный // Педагогическое мастерство: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Москва, июнь 2016 г.). – Москва: Буки-Веди, 2016. – С. 174-178. – URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/191/10630/> (қаралған күні 2024 жылғы 23 шілде).
9. Галич Ю. Н. Базовые характеристики национального характера японцев. Сборник научных трудов. Выпуск 9. М., 2007. 192 с. - С. 23-39.
10. Сила-Новицкая Т.Г. Култ императора в Японии: мифы, история, доктрины, политика. М., 1990. - 206 с.
11. Пронников В. А., И. Д. Ладанов. Японцы : этнографические очерки. М., 1983. 270 с. Ichiban URL: <http://ichiban.narod.ru/books/Nihonjin/j02.htm> (қаралған күні 2024 жылғы 09 шілде)
12. Спеваковский А. Б. Самураи военное сословие Японии. М., 1981. 168 с.
13. НИРСИ Перспективы патриотического воспитания. Опыт воспитания патриотизма за рубежом. URL: <http://www.nirsi.ru>. (қаралған күні 2024 жылғы 23 шілде).
14. Военно-политическая работа в Народно-освободительной армии Китая (2023) - https://factmil.com/publ/strana/kitaj/voenno_politicheskaja_rabota_v_narodno_osvoboditelnoj_armii_kitaja. (қаралған күні 2024 жылғы 22 шілде).

Аманжолұлы А.

Зарубежный опыт формирования исторического сознания курсантов на основе национальных ценностей в военных учебных заведениях

В статье приводятся результаты сравнительного анализа, направленных на формирование исторического сознания будущих офицеров в зарубежных высших военных учебных заведениях. В качестве объекта изучения зарубежного опыта были выбраны страны США, Япония и Китай. Выделены факторы выбора указанных стран для изучения проблемы формирования исторического сознания будущих офицеров в процессе воспитательной и идеологической работы. Также исследование показало, что формирование исторического сознания в ходе подготовки офицерских кадров в этих странах осуществляется системно, организованно и целенаправленно двумя подсистемами, то есть системой обучения и воспитания. Результаты исследования позволяют изучить передовой зарубежный опыт формирования исторического сознания. Это может стать основанием для совершенствования процесса воспитательной и идеологической работы по формированию исторического сознания будущих офицеров в ВСУЗах Казахстана. Статья подготовлена в рамках диссертационного исследования и исследования, финансируемого Комитетом науки Министерства науки и образования РК (Грант № AP196113/0222).

Ключевые слова: зарубежные страны, историческое сознание, высшие военные учебные заведения, ценность, воспитание, обучающийся.

Amanzholuly A.

Foreign experience in the formation of historical consciousness of cadets based on national values in military educational institutions

The article presents the results of a comparative analysis aimed at forming the historical consciousness of future officers in foreign higher military educational institutions. The countries



of the USA, Japan and China were chosen as the object of studying foreign experience. The factors of the choice of these countries for studying the problem of the formation of historical consciousness of future officers in the process of educational and ideological work are highlighted. The study also showed that the formation of historical consciousness during the training of officers in these countries is carried out systematically, closely organized and purposefully by two subsystems, that is, the training system and the education system. The results of the study allow us to study the advanced foreign experience in the formation of historical consciousness. This can be the basis for improving the process of educational and ideological work in order to form the historical consciousness of future officers in military and special educational institutions of Kazakhstan. The article was prepared as part of a dissertation research and research funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Education of the Republic of Kazakhstan (Grant no. AR196113/0222).

Keywords: foreign countries, historical consciousness, higher military educational institutions, value, education, student.

References:

1. Taubayeva, SH.T., Maksutova, M.A. (2023). *Sravnitel'naya pedagogika* [Comparative pedagogy]. Uchebnik. Pogranichnaya akademiya SNB RK – Almaty– 408 p.
2. Lenev, YU.A. (2010). *Razvitiye vospitatel'noy sistemy vysshikh voyennykh uchebnykh zavedeniy VS RF* [Development of the educational system of higher military educational institutions of the RF Armed Forces]: dis. ... d-ra ped. nauk. - M., 2010. – 639 p.
3. Utkin, V. Ye. (2001). *Osobennosti vospitatel'noy raboty v VS SSHA, Velikobritanii i Frantsii* [Features of educational work in the US, UK and French Armed Forces] // *Zarubezhnoye voyennoye obozreniye*. – № 11. – P. 8-12.
4. Kovalevskiy, V. (2014). *Patriotizm v SSHA prinadlezhit lyudyam* [Patriotism in the USA]. [Electronic resource]. - URL: <http://www.bsblog.info> [in Rus].
5. Balukov, N. N. (2015). *Patriotizm po-amerikanski* [Patriotism in the American way]/ Balukov, N. N., Ivanichkin, YU. A. // *Krasnaya zvezda* – 2 p.
6. Moynihan, D. *Counting our blessings. Reflections on the future of America*. – Boston, 1986.
7. *Sistema podgotovki ofiterskogo sostava Sukhoputnykh voysk SSHA* [US Army Officer Training System]. [Electronic resource]. - URL: – <https://pentagonus.ru/publ/9-1-0-225> [in Rus].
8. Tomilina, S.N. (2016). *Voyenno-patrioticheskoye vospitaniye uchashchikhsya vuzov SSHA* [Military-patriotic education of students of US universities]/S.N. Tomilina. – Tekst: neposredstvennyy // *Pedagogicheskoye masterstvo: materialy VIII Mezhdunar. nauch. konf*– M.: 2016.– URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/191/10630/> – P. 174-178 [in Rus].
9. Galich, YU. N. (2007). *Bazovyye kharakteristiki natsional'nogo kharaktera yapontsev* [Basic characteristics of the national character of the Japanese]. *Sbornik nauchnykh trudov*. Vypusk 9. M. - 192 p. - P. 23-39.
10. Sila-Novitskaya, T.G. (1990). *Kul't imperatora v Yaponii: mify, istoriya, doktriny, politika* [The Emperor Cult in Japan: Myths, History, Doctrines, Politics]. M.- 206 p.
11. Pronnikov, V. A., Ladanov, I. D.(1983) *Yapontsy: etnograficheskiye ocherki* [The Japanese: Ethnographic Essays]. [Electronic resource] - URL: <http://ichiban.narod.ru/books/Nihonjin/j02.htm> [in Rus].
12. Spevakovskiy, A. B. (1981). *Samurai voyennoye sosloviye Yaponii* [Samurai: the military class of Japan]. M., 168 p.



13. NIRSI Perspektivy patrioticheskogo vospitaniya. Opyt vospitaniya patriotizma za rubezhom [Prospects of Patriotic Education. Experience of Patriotic Education Abroad]. URL: <http://www.nirsi.ru>. [in Rus].

14. Voenno-politicheskaya rabota v Narodno-osvoboditel'noy armii Kitaya (2023) [Military and political work in the People's Liberation Army of China]. URL: https://factmil.com/publ/strana/kitaj/voenno_politicheskaja_rabota_v_narodno_osvoboditelnoj_armii_kitaja. [in Rus].

Аманжолұлы Айдын	подполковник, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының 2-курс докторанты, Алматы, Қазақстан
Аманжолұлы Айдын	подполковник, докторант 2 курса Пограничной академии Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, Алматы, Казахстан
Amanzholuly Aydin	lieutenant colonel, 2nd year doctoral student of the Border Academy of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan